

## "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### Күшін жойған

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 05 /18 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 31 наурызда № 3087 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 35/14 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 20.12.2016 № 35/14 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РКАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сакталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органның үлгі Ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес, Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса берілген "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары З.Д. Ақылбековаға жүктелсін.
3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қаласының әкімі

Б. Ахметов

Ж е з қ а з ғ а н	қ а л а с ы	ә к і м д і г і н ің
2 0 1 5                  ж ы л ғ ы	2 5                  а қ п а н д а ғ ы	№                  0 5 / 1 8
қаулысымен бекітілген		

## "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі дене шынықтыру және спорт саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай - ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілетті берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес қала әкімдігімен бекітіледі.

8. "Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, 100600, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

12. "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

Егер "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге

асыруға құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер респубикалық бюджеттің кірісіне жіберілсін.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. "Жезқазған қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: дene шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында тиімді мемлекеттік басқару мен салааралық үйлестіруді қамтамасыз ету.

14. Міндеттері:

қала аумағында бұқаралық спорт және ұлттық спорт түрлерінің даумын қамтамасыз етеді;

бұқаралық, ұлттық спорт түрлерінен, мүгедектер спортынан қала құрама командаларының дайындығын және олардың облыстық және респубикалық спорт жарыстарына қатысуын үйымдастыру және қамтамасыз ету;

тұргындарды Президенттік дene шынықтыру дайындығы тестілерін өткізуі үйымдастыру және бақылау;

спорт инфрақұрылымын дамыту қызметін үйлестіру.

15. Функциялары:

қаланың дene шынықтыру және спорты дамыту жоспарын өзірлейді және жүзеге асырады;

Жезқазған қаласы аумағын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыстарды үйымдастырады;

жеке адамдардың тұргылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалу орындарында спорtpен шүғылдануы үшін инфрақұрылым жасайды;

аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларымен бірлесіп, спорт түрлері бойынша аудандық, облыстық маңызы бар қалалық спортық жарыстарды өткізеді;

спорт түрлері бойынша қалалық құрама командаларды даярлауды және олардың облыстық спортық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

қала аумағында бұқаралық спорты дene шынықтыру және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;

қала аумағында қалалық дene шынықтыру-спорт үйымдарының қызметін үйлестіреді;

споршыларға: 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік-разрядты спортшы спортық разрядтарын береді;

мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтыруши,

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын береді;

спортық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өнірлік күнтізбесін іске асырады;

қала аумағында спортық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуі үйлестіреді;

қала аумағында дene шынықтыру мен спорты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда және мерзімдерде облыстың жергілікті атқарушы органына ұсынады;

аккредиттелген өнірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша қалаланың құрама командаларының тізімдерін қалыптастырады және бекітеді;

ресми дene шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

дene шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

қалалық спорт ғимараттарын салу мәселелерін үйлестіреді және олардың халыққа қолжетімді болуын қамтамасыз етеді;

қалалық мамандандырылмаған балалар-жасөспірімдер спортық мектептерінің қызметін қамтамасыз етеді;

спорту ұйымдарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

дene шынықтыру және спорт бағытындағы қоғамдық бірлестіктер дene шынықтыру мен спорты насиҳаттауды жүргізеді, денсаулықтарын сақтау және нығайту, аурулардың алдын алу, жұмысқа қабілеттілік пен белсенді ұзак өмір сүрудің жоғары деңгейіне, сондай-ақ ізгілік мұраттары мен спорт құндылықтарына қол жеткізу үшін дene шынықтыру компоненттерін практикалық пайдалануда халықтың білім деңгейін арттырады;

аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларымен әзірленген қалалық спортық жарыстардың ережелерін (регламенттерін) бекітеді;

мүгедектерге дene шынықтырумен және спорtpен шұғылдану үшін спорт ғимараттарына баруға жағдай жасауды, арнайы спортық мүліктерді беруді қамтамасыз етеді;

мекеме құзыретінің шегінде әкім және қала әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлейді;

құзырет шегінде мәселелрді қарау кезінде барлық мекемелерде мемлекет мұдделеріне өкілдік етеді;

жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16. Құқықтары мен міндеттері:

бұқаралық дene шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын, бұқаралық, ұлттық спорт түрлерін, мүгедектер спортын дамыту мәселелерін реттейтін бағдарламаладың, нормативтік құқықтық актілердің, бағдарламалық-әдіскерлік күжаттардың жобаларын әзірлеуге және іске асуруға қатысуға;

конференциялар, семинарлар және тағы басқа оқыту түрлерін ұйымдастыру және өткізуге қатысу және бұқаралық дene шынықтыру-сауықтыру мамандарымен тәжірибе алмасу;

дene шынықтыру және спорттың дамуы бойынша мәліметтерді талдау және жоғарыда тұрган органдарға ұсыну;

мекеме әзірлеуші болған әкімнің және әкімдіктің нормативтік құқықтық актілеріне құқықтық мониторинг жасау және оларға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды уақытылы енгізу, немесе оларды күші жойылғанын мойындау; заңнамамен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

17. "Жезқазған қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Жезқазған қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттерді орындауға және оның функцияларын жүзеге асуруға дербес жауапты бірінші басшы жүзеге асырады.

18. "Жезқазған қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын лауазымына қала әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

19. "Жезқазған қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

мекеме қызметін ұйымдастырады және басқарады;  
тікелей қала әкіміне бағынады және мекемеге жүктелген функцияларды орындауға жауапты;  
дара басшылық қафидасында әрекет жасайды және Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және осы ережемен белгіленетін құзыретіне сәйкес "Жезқазған қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін мәселелерін өз еркімен шешеді;

мекеменің қызметшілерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;  
барлық қызметшілерге міндетті бүйрек шығарады және нұсқау береді;  
қызметшілерге ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жаза

береді;

қызметшілердің өкілеттіліктерін анықтайды;

жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды қабылдайды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады;

мекеменің құзыретіне кіретін мәселелерді шешу мақсатында атқарушы органдардан белгіленген тәртіпте материалдарды сұрайды және алады;

мұдделі мекемелерді тартумен мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіпте жиналыс шақырады;

мекеме атынан сенімхатсыз әрекет жасайды;

барлық ұйымдарда мекеменің мұдделерін ұсынады;

келісімдер жасайды;

сенімхаттар береді;

мекеменің іс-сапарлар, тәжірибе алмасу, республикалық және шет елдік оку орталықтарына және біліктілікті көтерудің басқа да түрлері бойынша мекеме қызметшілерін оқытудың және біліктіліктерін арттырудың тәртібі мен жоспарын бекітеді;

Қазақстан Республикасының заңнамаларында, осы Ережеде жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

"Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

20. "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта құру және тарату**

23. "Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК